



**№ 1 (37)
2015**

Меншік иесі және баспагер:

«Қазақстан Республикасының
Заңнама институты» ММ

2006 жылдан бастап шығады

Журналдың материалдары
<http://www.izrk.kz> сайтында
орналастырылған

Заң ғылымдары бойынша
диссертациялардың негізгі ғылыми
нәтижелерін жариялауға арналған
басылымдар тізіліміне енгізілген
(ҚР БҒМ БҒСБК 30.05.2013 ж.
№894 бұйрығы)

Редакциялық кеңес:

Б.М. Имашев (Төраға)
З.Х. Баймолдина
А.А. Смағұлов
И.Ш. Борчашвили

Редакциялық алқа:

Н.М. Әбдіров
З.С. Байниязова (Саратов қ., РФ)
С.Ф. Бычкова
М.Т. Ғабдуәлиев
Д. Досмырза
И.Қ. Елеусізова
А.Д. Жүсіпов
Д.Ж. Игембаев
А.Қ. Қанатов
Т.Е. Қаудыров
Ж.О. Құлжабаева
Ш.Р. Мырзаева
С.М. Рахметов
А.Ж. Сағидан
Ә.Г. Сақтағанов
Т.С. Сафарова
М.А. Сәрсембаев

Қазақстан Республикасы Мәдениет
және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің
БАҚ есепке қою туралы куәлігі
№ 11219-Ж 15.11.2010 ж.

Мекен-жайы:

Қазақстан Республикасы,
010000, Астана қ.,
Орынбор к., 8 үй
тел.: 8(7172)74-02-06; факс: 8(7172)74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru
www.izrk.kz

Қазақстан Республикасы Заңнама Институтының Жаршысы

ҒЫЛЫМИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖУРНАЛ

МАЗМҰНЫ

2014 жылдың қорытындысы және 2015 жылға арналған басымды міндеттер бойынша Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің кеңейтілген алқа отырысы туралы, Астана қ., 2015 жылғы 6 ақпан (ҚР Әділет министрлігінің баспа қызметі).....	5
Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 70-жылдығы.....	9
З.К. АЮПОВА, Ә.Ғ. САҚТАҒАНОВ Ұстаздар және тәлім- герлер – соғыс батырлары туралы.....	9
Ж.И. ИБРАГИМОВ Ұлы Отан соғысына қатысушы заңгерлер	13
Конституциялық және әкімшілік құқық	18
З.К. АЮПОВА, Д.Ө. ҚҰСАЙЫНОВ Қазақстан Республика- сындағы тәуелсіздіктің конституциялық-құқықтық негіздері туралы мәселесіне.....	18
Л.Т. ЖАНҰЗАҚОВА, И.О. ӘУБӘКІРОВА Қазақстан Респу- бликасы мен Еуропа елдеріндегі мемлекеттік қызметті құқық- тық қамтамасыз ету: салыстырмалы тәжірибе.....	23
Азаматтық, азаматтық іс жүргізу құқығы	29
А.А. МҰҚАШЕВА Қазақстан Республикасы заңнамасы бойынша қоғамдық бірлестіктерінің қызметін құқықтық реттеу.....	29
Ж.О. ТІЛЕМБАЕВА Қазақстан Республикасы заңнамасының кейбір салалары мен ішкі салаларын кодификациялау мәселелері туралы.....	36
Қылмыстық құқық және қылмыстық іс жүргізу	41
А.Қ. ҚАНАТОВ, Н.М. МҰНАЙТБАСОВ Сотқа деген сенім- діліктің деонтологиялық негіздері.....	41
М.Д. ҚАРАЖАНОВ, А.Қ. ҚАНАТОВ Экологиялық қауіп- сіздікке қол сұғатын экологиялық қылмыстық құқық бұзу- шылықтардың криминологиялық сипаттамасы.....	45
Ж.К. ҚОЖАНТАЕВА Тонау заты туралы мәселе бойынша...	
М.К. ЖОЛЫМБАЕВ, Г.Ж. ӘМІРОВА Жасырын тергеуінің процесуалдық әрекеттерінің кәзіргі заманның континентал- дық қылмыстық-процесінің заңнамасы.....	57
А.Ж. ЖЫЛҚЫБАЕВ, Е.М. ЕЛУБАЙ Кәмелет жасқа толмаған- дардың қылмыстылығы криминологиялық зерттеу объектісі ретінде.....	63

Халықаралық құқық және салыстырмалы құқықтану	68
М.А. СӨРСЕМБАЕВ Еуропа одағы тәжірибесі тұрғысында қоршаған ортаға энергетика әсерінің ЕАЭО аясындағы құқықтық мәселелері.....	68
Қ.С. МӘУЛЕНОВ Миграциялық үдерістер саласындағы Қазақстан Республикасының халықаралық-құқықтық ынтымақтастығы.....	77
А.А. КАШИРКИНА, А.Н. МОРОЗОВ (Мәскеу қ.) Қазіргі халықаралық құқық трендідегі еуразиялық интеграциялық процестер.....	83
Құқықтық мониторинг	92
Ш.Ж. ТАУКЕБАЕВА Заңнаманың тиімділігін айқындау.....	92
Мемлекеттік тілде заң шығару тәжірибесінен	95
Л.С. ТҰРҒАНБАЕВА Қазақстандағы тіл саясаты.....	95
Д.М. ШЫҢҒЫСБАЕВА Халықаралық шарт жобалары мәтіндерінің теңтүпнұсқалылығын қамтамасыз етудегі кейбір мәселелер.....	100
М.Ә. ӘБДІРЕЕВА Заңнамалық актілер тілін жетілдіру мәселелері туралы.....	104
А.М. ҚАСЫМОВА Ұлттық терминологиядағы жүйелілік мәселесі туралы.....	108
Н.А. ХАМЗИНА Мемлекеттік тілдегі заңнаманың кейбір мәселелері.....	112
Шетелдік тәжірибе	116
С. САНСЫЗБАЙҚЫЗЫ Америка Құрама Штаттарының сот жүйесінің ерекшеліктері.....	116
Жас ғалым мінбері	122
Д.Ш. ҚҰСАЙЫНОВ Тұрғын үй қатынасы саласындағы алаяқтылықты тергеудің алғашқы сатысының ерекшеліктері.....	122
О.В. ЛОЗОВАЯ Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау туралы заңнамасы: Еуропалық Одақ құқығымен салыстырмалы сараптама.....	128
Ж.А. МАМИТОВА Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасына халықаралық шарттарды имплементациялау тәртібінің өзекті сұрақтары.....	134
Е.А. ОМАРОВ Қылмыстық іс бойынша халықаралық тапсырмаларды орындау барысында алынған құпия мәліметтерді сақтау қағидасы.....	139
Ж.К. ЖИЕНТАЕВА Сыбайлас жемқорлықпен күрестегі халықаралық ынтымақтастық.....	144
З.Б. ОМАРХАНОВА Билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану қылмысындағы елеулі зиян ұғымын анықтау мәселелері.....	149
А.Т. БЕКЕН Радмиссия және Біріккен Ұлттар Ұйымы.....	154
Д.Ж. СМАҒҰЛОВА Ғарыштық қоршаған ортаны ластағаны үшін халықаралық құқықтық жауапкершілік (Қазақстан Республикасы тәжірибесі).....	158
А.Ж. САДЫҚОВ Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша коммерциялық емес ұйымдардың кәсіпкерлік қызметін құқықтық реттеудің кейбір мәселелері.....	164
Ақпараттық хабарламалар	169
2015 ж. 3 сәуірде Астана қ. өткізілетін әкімшілік рәсімдерді заңнамалық реттеуді жетілдіру мәселелері, оның ішінде «Әкімшілік рәсімдер туралы» Заң жобасын (жаңа редакция) әзірлеу сұрақтары бойынша дөңгелек үстел туралы ақпараттық хабарлама	169
Н.А. Шәйкеновтің максималары мен афоризмдері	171
Мерейтой	172
З.Ғ.Д., проф. М.С. Нәрікбаевтің 75 жылдық мерейтойына орай.....	172
З.Ғ.Д., проф. Қ.С. Мәуленовтің 60 жылдық мерейтойына орай.....	174



**№ 1 (37)
2015**

Собственник и издатель:
ГУ «Институт законодательства
Республики Казахстан»

Издается с 2006 года
Все материалы журнала
размещаются на сайте
<http://www.izrk.kz>

Включен в перечень изданий
для публикации основных
научных результатов диссертаций
по юридическим наукам
(Приказ ККСОН МОН РК №894
от 30.05.2013 г.)

Редакционный совет:
Б.М. Имашев (Председатель)
З.Х. Баймолдина
А.А. Смагулов
И.Ш. Борчашвили

Редакционная коллегия:
Н.М. Абдиров
З.С. Байниязова (г. Саратов, РФ)
С.Ф. Бычкова
М.Т. Габдуалиев
Д. Досмырза
И.К. Елеусизова
А.Д. Жусупов
Д.Ж. Игембаев
А.К. Канатов
Т.Е. Каудыров
Ж.О. Кулжабаева
Ш.Р. Мырзаева
С.М. Рахметов
А.Ж. Сагидан
А.Г. Сактаганов
М.А. Сарсембаев
Т.С. Сафарова

Свидетельство о постановке
на учет СМИ № 11219-Ж
от 15.11.2010 г. Комитета информации
и архивов Министерства культуры
и информации Республики Казахстан

Адрес:
Республика Казахстан,
010000, г. Астана,
ул. Орынбор, д. 8,
тел.: 8(7172)74-02-06; факс: 8(7172)74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru
www.izrk.kz

Вестник Института Законодательства Республики Казахстан

научно-правовой журнал

СОДЕРЖАНИЕ

О расширенном заседании коллегии Министерства юстиции Республики Казахстан по итогам 2014 года и приоритетным задачам на 2015 год, г. Астана, 6 февраля 2015 года (пресс- служба Министерства юстиции РК).....	5
70-летие Победы в Великой Отечественной войне.....	9
З.К. АЮПОВА, А.Г. САКТАГАНОВ Об учителях и настав- никах - героях войны.....	9
Ж.И. ИБРАГИМОВ Юристы-участники Великой Отечест- венной войны.....	13
Конституционное и административное право	18
З.К. АЮПОВА, Д.У. КУСАИНОВ К вопросу о конституцион- но-правовых основах суверенитета в Республике Казахстан Л.Т. ЖАНУЗАКОВА, И.У. АУБАКИРОВА Правовое обеспечение государственных услуг в Республике Казахстан и европейских странах: сравнительный опыт.....	18 23
Гражданское и гражданско-процессуальное право	29
А.А. МУКАШЕВА Правовое регулирование деятельности общественных объединений по законодательству Республики Казахстан.....	29
Ж.У. ТЛЕМБАЕВА О проблемах кодификации некоторых отраслей и подотраслей законодательства Республики Казахстан.....	36
Уголовное право и уголовный процесс	41
А.К. КАНАТОВ, Н.М. МУНАЙТБАСОВ Деонтологические основы повышения доверия к суду.....	41
М.Д. КАРАЖАНОВ, А.К. КАНАТОВ Криминологическая характеристика уголовных правонарушений, посягающих на экологическую безопасность.....	45
Ж.К. КОЖАНТАЕВА К вопросу о предмете грабежа.....	52
М.К. ЖОЛУМБАЕВ, Г.Ж. АМИРОВА О конфиденциальных процессуальных действиях в современном континенталь- ном уголовно-процессуальном законодательстве.....	57
А.Ж. ЖИЛКУБАЕВ, Е.М. ЕЛУБАЙ Преступность несовершеннолетних как объект криминологического изучения.....	63

Международное право и сравнительное правоведение	68
М.А. САРСЕМБАЕВ Правовые проблемы влияния энергетики на окружающую среду в рамках ЕАЭС в свете опыта Европейского союза.....	68
К.С. МАУЛЕНОВ Международно-правовое сотрудничество Республики Казахстан в области миграционных процессов.....	77
А.А. КАШИРКИНА, А.Н. МОРОЗОВ (г. Москва) Евразийские интеграционные процессы в тренде современного международного права.....	83
Правовой мониторинг	92
Ш.Ж. ТАУКИБАЕВА Определение эффективности законодательства.....	92
Из практики законотворчества на государственном языке	95
Л.С. ТУРГАНБАЕВА Языковая политика в Казахстане.....	95
Д.М. ШЫНГЫСБАЕВА Некоторые вопросы обеспечения аутентичности текстов международных договоров.....	100
М.А. АБДРЕЕВА О проблемах совершенствования языка законодательных актов.....	104
А.М. КАСЫМОВА О проблеме системности в национальной терминологии	108
Н.А. ХАМЗИНА Некоторые вопросы законодательства на государственном языке.....	112
Зарубежный опыт	116
С. САНСЫЗБАЙҚЫЗЫ Особенности судебной системы Соединенных Штатов Америки....	116
Трибуна молодого ученого	122
Д.Ш. КУСАИНОВ Особенности первоначального этапа расследования мошенничества в сфере жилищных отношений.....	122
О.В. ЛОЗОВАЯ Законодательство Республики Казахстан в сфере защиты персональных данных: сравнительный анализ с правом Европейского Союза.....	128
Ж.А. МАМИТОВА Проблемные вопросы порядка имплементации международных договоров в уголовное законодательство Республики Казахстан.....	134
Е.А. ОМАРОВ Принцип конфиденциальности сведений, полученных в ходе исполнения международных поручений по уголовным делам.....	139
Ж.К. ЖИЕНТАЕВА Международный опыт в борьбе с коррупцией.....	144
З.Б. ОМАРХАНОВА Проблемы определения понятия «существенный вред в превышении власти или должностных полномочий».....	149
А.Т. БЕКЕН Радмиссия и Организация Объединенных Наций.....	154
Д.Ж. СМАГУЛОВА Международно-правовая ответственность за загрязнение космической окружающей среды (опыт Республики Казахстан).....	158
А.Ж. САДЫКОВ Некоторые проблемы правового регулирования предпринимательской деятельности некоммерческих организаций по законодательству Республики Казахстан....	164
Информационные сообщения	169
Информационное сообщение о круглом столе по вопросам совершенствования законодательного регулирования административных процедур, в том числе разработки проекта Закона «Об административных процедурах» (новая редакция) 3 апреля 2015 года в г. Астана	170
Максимы и афоризмы Н.А. Шайкенова	171
Юбилеи	172
К 75-летию д.ю.н., проф. М.С. Нарикбаева.....	172
К 60-летию д.ю.н., проф. К.С. Мауленова.....	174



Шыңғысбаева Дүйсенкүл Мұқамбетжанқызы,
*ҚР Заңнама институты Лингвистика орталығының
НҚА және халықаралық шарттар жобаларының
аударма секторының аға ғылыми қызметкері*

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШАРТ ЖОБАЛАРЫ МӘТІНДЕРІНІҢ ТЕҢТҮПНҮСҚАЛЫЛЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР

Қазақ тілі - еліміздің мемлекеттілігін айқындаушы факторлардың бірі. Бүгінгі күні кейбір екіжақты мемлекетаралық шарттарға қазақ тіліндегі мәтінсіз қол қойылып жатыр. Сондай - ақ соңғы жылдары кездескен бірнеше жайттарға да нақты тоқтала кетсек, мысалы, Испаниямен шартқа испан және орыс тілінде, Үндістанмен жасасқан шартқа хинди және орыс тілінде қол қойылған. Сол себептен де басқа елдермен екіжақты халықаралық шарттарды Қазақстанның мемлекеттік тілінде және тараптардың келісуі бойынша басқа да тілдерде жасасуды мәжіліс депутаттары ұсынды.

Елімізде болып жатқан оң өзгерістерге орай халықаралық шарттарды қазақ тілінде жасасуды, енді болашақта екіжақты мемлекетаралық шарттардың мәтінінің бірі міндетті түрде қазақ тілінде болу керек - деп Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы Әшімбаев Мәулен Сағатханұлы айтқан болатын.

Қазіргі жаһандану дәуірінде барлық елдердегі өндірістің көлемі мен сипатына, өнімнің түрлері мен олардың құнына, адамдардың құндылығы мен мұратына әсер ететін бір-бірімен тығыз байланыстағы, көп қырлы өзара әрекеттестіктің тармақтанған торабында олардың мәні тіптен де өсе түсуде. Бұл ретте әлемдік елдердің ішінде саяси картада тәуелсіз мемлекет ретінде пайда болған Қазақстан Республикасы да өзінің ұлттық мемлекеттік мүддесін қорғау саясатын, ең алдымен аумақтық тұтастығы мен егемендігін, азаматтардың береке-бірлігі мен олардың конституциялық құқығын қорғауды тұрақты түрде жүргізуде халықаралық шарттардың алатын орны маңызды.

Халықаралық шарттар дипломатиялық қызметтегі аса ірі және өте маңызды құжаттардың

бірі болып табылады. Халықаралық шарттар келісу кезінде тараптардың өзара құқықтары мен міндеттемелерін нақты және айқын анықтау үшін жасалады. Халықаралық шарт екі немесе бірнеше мемлекеттердің немесе халықаралық құқықтың басқа субъектілерінің арасында саяси, экономикалық немесе басқа қатынастарының өзара құқықтары мен міндеттерінің өзгеруіне немесе тоқтауына қатысты уағдаластық болып табылады.

Осыған байланысты, халықаралық шарттарды қазақ тілінде теңтүпнұсқалыққа келтіруде терминдер мен тұрақты сөз орамдарын өз орнымен қолданып, дәл мағынасын дөп баса қолданудың мәні зор.

Жалпыхалықтық қолданыстағы сөздердің біразы халықаралық шарт мәтіндерінде лексикалық мағынасынан алшақтап, терминдік мәнде жұмсалады. Бұл дипломатиялық құжатқа маңыздылық пен салтанатты түр берудің тағы бір жолы болып табылатыны рас. Оларға мысалы, аса мәртебелі, уағдаластық, өзара құрметтеу, бар күшін салу, іргелі қағидаттары, маңызды қонақ, жұмыс сапарымен келу, мүдделілікті ескере отырып, маңыздылығын мойындай отырып т.б. жатады.

Халықаралық шарттарда мәнділік пен көркемдік тәсіл ретінде ауыспалы мағынадағы сөздер де қолданылады. Мысалы: алауыздық, ауызбірлік, бұғау тастау, теріс пиғылды, соғыс өртін (ошағын) тұтату (сөндіру), адал ниетті, өз ара пайдалы ынтымақтастық, толыққанды мүшесі болу т.б.

Әр түрлі сала терминдерінің мағыналарына тіркесетін сөздердің семантикасы негіз болуы да мүмкін. Бұл оның тіркесетін сөздері әртүрлі лексикалық және грамматикалық топқа жатуынан туындайды. Қарама-қарсы қойылған

жалпы және арнайы мағына айырмашылықтары құрылымдық факторлар негізінде жасалады, терминдік варианттың лексикалық үйлесімділігі шектеулі, ұғымның тарылуына тікелей байланысты болады.

Мысалы, стратегиялық ынтымақтастық - стратегического сотрудничества, толыққанды мүшесі - полноправным членом, ажырамас бөлігі - неотъемлемой частью.

Сондай-ақ халықаралық шарттарда үш немесе одан да көп сөздерден тіркескен тұрақты сөз орамдары көп кездеседі. Мысалы, дәстүрлі ұзақ мерзімді экономикалық қатынастар - традиционные долгосрочные экономические отношения, қолайлы мүмкіндіктер - благоприятные возможности; жалғастыруды қалай отырып - желая продолжить; ұзақ мерзімдік мүдделер - долгосрочные интересы т.с.с.

Салалық терминдерді жасауда, ең алдымен, қазақтың өз ана тіліндегі сөздерін, бұрыннан бар лексикалық тіл байлығын мүмкіндігінше пайдаланудың маңызы зор. Сондай-ақ қазіргі тілдердің бәріне ортақ халықаралық терминдер де, басқа тілдерден алынған сөздер де ана тіліміздің тілдік заңдылықтарына бағындыра немесе калька тәсілі арқылы енгізілген терминдер де тілдік қорды байытудың жолы ретінде саналады.

Мысал ретінде, маңыздылығын мойындау - признавая важность, ынтымақтастықты дамыту - развития сотрудничества, ұзақ мерзімдік мүдделер - долгосрочные интересы, интеграция жағдайында - в условиях интеграции т.с.с.

Қай тілдің де сөздік қорында болмасын, халықаралық терминдердің даму жолы өзінше қалыптасады, яғни лексика-грамматикалық ерекшелігі болады. Халықаралық шарттарда қолданылатын терминдердің негізгі лексика-грамматикалық ерекшеліктерін былай жинақтауға болады: жалпыхалықтық лексикадан алатын орны, осы негізде мағыналық жағынан кеңеюі немесе тарылуы; синонимдік, омонимдік, антонимдік қасиеттері т.б.

Алайда, біздегі басты мәселе – сол халықаралық екіжақты келісімдердің күнібүгінге дейін, әуелі орыс тілінде жазылып, кейін қазақ тіліне аударылып жүргендігі. Осыдан келіп мәселе туындайды. Халықаралық шарттарды бірінші кезекте орыс тілі мен қазақ тілінде теңтүпнұсқалылыққа келтіруге көңіл бөлініп отыр.

Халықаралық шарттар - бұл ресми құжаттар, «мемлекеттік қағаздар». Халықаралық шарттар тілі үшін негізінен дыбыс ырғақтығы,

әдеби үйлесімдігі емес, ең бастысы берілген мазмұнының нақты сәйкес келуі, осы мәселедегі мемлекеттің саясатын, ұстанымын дәл жеткізу. Сондықтан да тәжірибе жүзінде негізгі міндет осы мазмұнды толық, ашық, сенімді түрде жазу, әр сөзге өте мұқият болу. Өйткені тіл өте нәзік дүние, оны орнымен пайдаланған жөн. Әр сөзді тауып жазу көп тер төгуді, еңбектенуді, сезімталдықты қажет етеді. Қажетті таза, жаңа сөзді тауып жазу оңай шаруа емес. Дипломатиялық қызмет қалыптасқаннан бері халықаралық шарттарда сөздерді пайдалана білу өнері - ең бірінші орында тұратын мәселенің бірі.

Түпнұсқамен бірдей заңды күші бар ресми құжат - теңтүпнұсқалы аударма болатыны анық.

Біріншіден, теңтүпнұсқалылық: аударылған мәтін түпнұсқаның мағынасын дәлме-дәл жеткізуі тиіс, екіншіден – аударма сол әзірлеген мемлекетте қалай түсінілсе, басқа мемлекеттегі адам да түпнұсқадағыдай түсінуі қажет. Алайда, өкінішке орай, халықаралық шарттар әзірлеген елдің өз тілінде келетін болғандықтан, оны орыс тіліне аударуда да көп кемшіліктер кездеседі. Шарт әзірленген елдегі түпнұсқаның дұрыстығын білу үшін сол елдің де тілін жетік білу қажет, орыс тіліндегі аудармасының дұрыстығына көз жеткізбей жатып, оны қазақ тіліне тең түпнұсқалылыққа келтіріп жатамыз. Міне осындай орыс тіліндегі аудармасының дұрыстығын жете білмей жатып, көптеген қате аудармаларға ұрынамыз. Халықаралық шарттардың қазақ тіліндегі аудармаларында шет тілдің сөздік орамдарының қазақ тіліндегі сөз орамдарымен қабыса кетпеуі, мағынасын дәл бермеуі шет тілінің сөз орамдарының, құрылымдарының мағынасын жете түсінбегендіктен болып отыр. Сол себептен калька аудармаларға жол береміз, аудармада өрескел қателіктер кетіп жатады.

Мысалға алатын болсақ, «Қазақстан Республикасы мен Мажарстан арасындағы қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы шарт» жобасында «в случаях обоснованной срочности» «негизделген шұғыл жағдайларда», «при исполнении запроса» - «сұрау салуды орындау кезінде», «осуществление обыска» - «тінтулерді жүзеге асыруды», «дату и место исполнения запроса» - «сұрау салуды орындаудың уақыты мен орны», «о результатах исполнения запроса» - «сұрау салуды орындаудың уақыты мен орны туралы» деп калька болып аударылып жүр.

Сонымен қатар, халықаралық шарттарда терминдерді қолдану мәселесі де айрықша

мән беруді қажет етеді. Сондай қазақ зиялыларының бірі Х. Досмұхамедұлының «Жат сөздерді өзгертпей, бұлжытпай алатын жер- дүниеде тіл жоқ» - деп шет ел тілдерінен енген сөздерді тіліміздің фоно-морфологиялық заңдылықтарынан бағындырып қабылдауды және «қолдан келгенше терминдерді нағыз қазақ сөзінен алдық [5, 151]» дей отырып, ұлт тілінің өз мүмкіндігін барынша пайдалану принципін Н. Қаймекеұлы:

«1. Мүмкін болғанынша қазақтың көпшілігіне мәлім, құлаққа таныс сөзінен алу.

1. Тілге жеңіл, айтуға сыпайы болу.

2. Орыстың сөзін сол күйінше аудару салумен қанағаттанбай, табылса неғұрлым түркі мағынасына сәйкес сөз іздеу» керек ұсынады.

Халықаралық терминдерді аудармай немесе аударып пайдалану мәселесі жөнінде әңгіме «халықаралық терминдерді жаппай аудару туралы болып отырған жоқ, әңгіме терминнің айтылуы, жазылуы тіліміздің төл табиғатына сай болуында ғана» [4, 128] және «өзге тілде қолданылып жүрген және терминдердің бәрін бірдей талғамсыз қабылдай беру қандай ретсіз болса, жалпыға ортақ лексикаға айналған халықаралық терминдерді қалайда аударып алуға тырысу тіпті қисынсыз [2, 145]» деген пікірлер айтылады.

Әсіресе, қазіргі таңда халықаралық шарттарды аудару кезінде шет тілінің сөйлем

құрылымы, сөз орамдарының мағынасы дұрыс түсінілмейді. Оны орыс тіліне аударуда оған тән емес ережелерге сай құрылады, сондықтан қазақ тіліне сол орыс тіліндегі мәтінді аудару кезінде де қиындық туады. Бір сөйлемнің өзі тоғыз, он жолдан тұратындықтан оның бастауышы қайда, баяндауышы қайда екенін, соңында мағынасын түсінгенше кейде бір сағаттай уақыт кетеді. Ол әсіресе, экономикалық халықаралық шарттарда көп кездеседі. Мұндай күрделі тілде құрастырылған сөйлемді тек сол салада машықтанған адам ғана түсінуі мүмкін. Сондықтан кез келген саланың тілінде дайындалған заңмәтіні тек сол саланың маманына ғана емес, көпшілік халыққа да түсінікті болуға тиіс және оны оқуға, түсінуге неғұрлым жеңіл, қолжетімді етіп әзірлеу қажет. Заң саласындағы аударма да сол сияқты түпнұсқаның мәнін толық жеткізетін, түсінікті және оқуға жеңіл болуға тиіс. Өйткені заң шығарушының тіл арқылы жеткізілген ойы, құқықтық нормалардың айқындылығы, орнықтылығы әрбір адамға заң талаптарын дұрыс түсінуіне мүмкіндік береді. Тұрған еліміздің тұлғалық қасиетіне, ұлттық тіліне, мәдениетіне, парасаттылығына, өзіндік ерекшелігіне мән бере отырып, қазақ халқының ұлттық сипатын жарқырата ашып көрсетуге талпыну керек. Мақсат тұтқан іс жемісті болу үшін әрбір маман өзінің біліктілігін арттыра түсуге тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. <http://transeurope.ru/yuridicheskiy-perevod>
2. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы дамуының кезеңдік сипаты. Елорда. –Астана, 2002.
3. Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясы. - Алматы, Ғылым, 1988.
4. Б.І. Ақайұлы. Терминнің қолданыс аясы. «Информ – А». – Алматы, 2005.
5. Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы. – Алматы: Ана тілі, 1998. - 151-бет.



Осы мақала халықаралық шарт жобалары мәтіндерінің теңтүпнұсқалылығын қамтамасыз ету мәселелеріне арналған.

Түйін сөздер: халықаралық шарт, теңтүпнұсқалылық, термин.

В данной статье рассматриваются вопросы обеспечения аутентичности текстов международных договоров.

Ключевые слова: международный договор, аутентичность, термин.

The article describes the issues of ensuring the authenticity of texts of the projects of international treaties.

Keywords: international treaties, authenticity, diplomatic activity, term.

Дүйсенкүл Мұқамбетжанқызы Шыңғысбаева,

ҚР Заңнама институты Лингвистика орталығының НҚА және халықаралық шарттар жобаларының аударма секторының аға ғылыми қызметкері

Халықаралық шарт жобалары мәтіндерінің теңтүпнұсқалылығын қамтамасыз етудегі кейбір мәселелер

Шыңғысбаева Дуйсенкуль Мухамбетжановна,

старший научный сотрудник сектора переводов проектов НПА и международных договоров Центра лингвистики Института законодательства РК

Некоторые вопросы обеспечения аутентичности текстов международных договоров

Shyngysbayeva Duissenkul Muhambetzhonovna,

research officer of sector of research linguistic expertise of drafts of laws and regulations and international agreements of SI Institute of Legislation of the Republic of Kazakhstan

Some questions to ensure the authenticity of international treaties

